

Әйгерім Шұғайқызы Қаппасова^{1*}, Алмагүл Советқызы Адилова²^{1*} автор-корреспондент, докторант, Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан, Қарағанды қ., ORCID: 0000-0003-1973-6731 E-mail: aigerim.kappas@gmail.com

² филология ғылымдарының докторы, профессор, Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан, Қарағанды қ., ORCID: 0000-0003-4094-4893 E-mail: adilova2010@mail.ru

ПРЕЦЕДЕНТТІ МӘТІН ЖӘНЕ МАҚАЛА СЕМАНТИКАСЫ

Андатпа. Қазіргі кезде БАҚ-тағы прецедентті мәтіндердің қолданысы мәселесі қызықты әрі өзекті тақырып болып отыр. Прецедентті феномендер – ұлттық мәдени құндылықтарды жеткізетін әрі қалыптастыратын құбылыс. Сол себепті журналистер өз мәтіндерінде мұндай келтірінді құрылымдарды кеңінен пайдаланады. Солай өз жұмысының ерекшелігін танытады, оқырманның қызығушылығын арттырады, назарын тез аудартады және хабарды ықшамды жеткізе біледі. Осы мәселені зерттеуді көздеген мақаламыздың мақсаты – прецеденттілік мәселесін қарастыра отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін прецедентті мәтіндерге талдау жасау және жинастыру. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді: прецеденттік феномен, прецедентті мәтін ұғымдарына анықтама беру; қазіргі публицистикадағы прецедентті мәтіннің алатын орнын, негізгі рөлін анықтау; прецеденттіліктің негізгі дереккөздеріне тоқталу; газет дискурсындағы прецедентті мәтіндердің когнитивтік және лингвомәдени аспектілерін қарастыру. Зерттеу барысында сипаттау, талдау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылды. Мақаламыздың негізгі бөлімі бойынша қазақтілді және орыстілді жастар арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде прецедентті мәтіндердің баспасөз беттеріндегі көрінісі талданды. Сауалнама жүргізу арқылы жастардың танымындағы прецедентті мәтіндердің танылуы, қабылдануы анықталды. «Шырағың сөнбесін», «Оянған өлке», «Оян, қазақ!» шығармаларының прецедентті мәтін ретінде газет дискурсындағы көрінісі зерттелді. Зерттеу нәтижелерін оқу орындарында стилистика, мәтін лингвистикасы, журналистика мамандығына арналған пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: прецедентті феномен; прецедентті мәтін; БАҚ материалдары; метафора; сауалнама**Сілтеме жасау үшін:** Қаппасова А.Ш., Адилова А.С. Прецедентті мәтін және мақала семантикасы. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 224-233-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-224-233>**Айгерим Шугаевна Каппасова^{1*}, Алмагүл Советовна Адилова²**^{1*} автор-корреспондент, докторант, Карагандинский университет имени Букетова,

Казахстан, г. Караганда, ORCID: 0000-0003-1973-6731 E-mail: aigerim.kappas@gmail.com

² доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени Букетова,

Казахстан, г. Караганда, ORCID: 0000-0003-4094-4893 E-mail: adilova2010@mail.ru

ПРЕЦЕДЕНТНЫЙ ТЕКСТ И СЕМАНТИКА СТАТЬИ

Аннотация. В настоящее время вопрос использования прецедентных текстов в СМИ является интересной и актуальной темой. Прецедентные феномены – это явления, которые передают и формируют национальные культурные ценности. Именно поэтому журналисты широко используют подобные конструкции цитат в своих текстах. Используя прецедентные феномены, они показывают уникальность своей работы, повышают интерес читателя, быстро привлекают внимание и могут лаконично передать информацию. Целью нашей статьи по изучению данного вопроса является анализ и сбор прецедентных текстов, встречающихся в средствах массовой информации. Для достижения этой цели предполагалось решить следующие задачи: определение понятий прецедентного феномена, прецедентного текста; определить основную роль прецедентного текста в современной публицистике; сосредоточить внимание на основных источниках прецедентов; рассмотрение когнитивных и лингвокультурных аспектов прецедентных текстов в газетном дискурсе. В ходе исследования использовались методы описания, анализа и сравнения. В основной части статьи проводился опрос среди казахоязычной и русскоязычной молодежи. В результате исследования было проанализировано появление прецедентных текстов на страницах прессы. Путем проведения опроса была определена узнаваемость и принятие прецедентных текстов в знаниях молодежи. Произведения «Шырағың сөнбесін», «Оянған өлке», «Оян, қазақ!» изучаются как прецедентный текст в газетном дискурсе. Практическая значимость заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы при преподавании предметов стилистики, лингвистики текста, журналистики в образовательных учреждениях.

Ключевые слова: прецедентный феномен; прецедентный текст; материалы СМИ; метафора; опрос**Для цитирования:** Каппасова А.Ш., Адилова Ф.С. Прецедентный текст и семантика статьи. *Tiltanym*, 2024.

Aigerim Kappasova^{1*}, Almagul Adilova²

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, Karaganda Buketov University, Kazakhstan, Karaganda, ORCID: 0000-0003-1973-6731 E-mail: aigerim.kappas@gmail.com

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Kazakhstan, Karaganda, ORCID: 0000-0003-4094-4893 E-mail: adilova2010@mail.ru

PRECEDENT TEXT AND SEMANTICS OF THE ARTICLE

Abstract. Currently, the issue of using precedent texts in the media is an interesting and relevant topic. Precedent phenomena are manifestations that convey and shape national cultural values. That is why journalists widely use such quotation structures in their texts. In this way, they show the uniqueness of their work, increase the reader's interest, quickly attract attention, and can convey information succinctly. The purpose of our article on studying this issue is to analyze and collect precedent texts found in the media. To achieve this goal, it was supposed to solve the following tasks: defining the concepts of precedent phenomenon, precedent text; determine the main role of precedent text in modern journalism; focus on the main sources of precedents; consideration of cognitive and linguocultural aspects of precedent texts in newspaper discourse. Description, analysis and comparison methods are used in the research. In the main part of our article the survey was conducted among Kazakh-speaking and Russian-speaking youth. As a result of the study, the appearance of precedent texts on the pages of the press was analyzed. By conducting a survey, the recognition and acceptance of precedent texts in the knowledge of young people was determined. The works “Shyragyn sonbesin”, “Oyangan olke”, “Oyan, Qazaq!” are studied as a precedent text in newspaper discourse. The results of the study can be used in teaching the subjects of stylistics, text linguistics, and journalism in educational institutions.

Keywords: precedent phenomenon; precedent text; media materials; metaphor; survey

For citation: Kappasova A., Adilova A. Precedent Text and Semantics of the Article. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). P. 224-233. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-224-233>

Кіріспе

Қазіргі публицистикалық дискурста прецедентті феномендердің алатын орны ерекше. Әр халықтың ұлттық-мәдени құндылығын көрсететін бұл құбылыстар бұқаралық ақпарат құралдарында өте жиі кездеседі. Прецедентті феномендер әлеуметтік-прецеденттік, ұлттық-прецеденттік және әмбебап-прецеденттік феномендер болып жіктеледі. Әлеуметтік-прецеденттік феномен қоғамның кез келген орташа өкіліне түсінікті, ұлттық мәдениетке тәуелді емес. Ұлттық-прецеденттік феномен ұлттық лингвомәдени топқа немесе ұлттың кез келген орташа өкіліне түсінікті. Және әмбебап-прецеденттік феномендер – көлемі жағынан ауқымды, әмбебап когнитивтік кеңістікке жататын, барлық адамға түсінікті болып келетін феномен. Прецедентті феномендерді ғалымдар (А.Д. Васильев, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, В.В. Красных, Д.В. Багаева) 4 топқа бөліп жіктейді. Олар:

1. Прецедентті есімдер – мәтінде қолданылатын көпшілікке кеңінен танымал жалқы есімдер. Оларды белгілі бір оқиғаларға негізделген мәдени белгі, символ десек те болады. Орыс ғалымы В. Красных прецедентті есімдердің құрылымы дифференциалды сипатты құрайтын өзектен (ядро) және периферия қабатынан тұрады деп көрсетеді.

2. Прецедентті жағдайлар – адамның санасында нақты бір жағдайдың, болған әрекеттің, оған қатысушылардың көрініс табуы. Лингвомәдени қоғамның когнитивтік базасына кіретін және сол әлеуметтік ортаға таныс нақты бірегей жағдайлар.

3. Прецедентті айтылымдар – сөйлеу тілінің өнімі, белгілі бір лингвомәдени қоғамда өмір сүретін тұлғалардың барлығына таныс болатын, белгілі бір жағдайларда олардың тілдерінде қайталануы мүмкін бірлік. Прецедентті айтылымдарға цитаталар, мақал-мәтелдер жатады.

4. Прецедентті мәтіндер – қоғамның кез келген «орташа» деген өкілдерінің барлығына белгілі, сол ортада маңызды орын алатын, қарым-қатынас барысында жаңарып отыратын негізгі толық мағынасы бар өнім (Васильев, 2013: 26).

Зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны – прецедентті мәтіндер, олардың публицистика жанрындағы көрінісі. Мақалада ұлттық-прецедентті феномендер, соның ішінде прецедентті мәтіндердің қолданылуы отандық БАҚ материалдарынан, интернет желілерінен жинастырылып,

талданады. Бұл зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Материал және әдістер

Мақалада ҚР шығатын бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желілеріндегі материалдар, «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерінің ресми сайтындағы мақалалар іріктеліп алынды. Мәтіннің тақырыпаттарындағы прецеденттілік құбылыстың болуы ескерілді. Зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі орыс және қазақ лингвист ғалымдарының мәтін мәселесі, соның ішінде прецеденттілік феномендер жайлы жазған еңбектері болды. Негізгі әдіс ретінде лексикалық түсіндірмелі талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды. Прецедентті феномендер арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсету үшін, бұл құбылыстардың семантикалық мазмұнын ашу мақсатында сипаттамалық әдіс қолданылды.

Әдебиетке шолу

Лингвистикада мәтінаралық байланыстарға негіз болатын прецедентті құбылыстар, тілдік тұлға, интертекст сияқты мәселелер бар. Осындағы прецедентті құбылыс БАҚ мәтіндерінде түрлі позицияда кездесіп, сан қилы қызмет атқарады. Бұл мәселелерді тереңінен зерттеу үшін орыс және отандық тіл біліміндегі Н.А. Фатеева, И.В. Захаренко, В.В. Красных, Д.Б. Гудков, Е. Нахимова, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Г.Б. Мадиева, Е.А. Журавлева, Н.А. Таирова, С.Қ. Иманбердиева, А.С. Адилова, Б.А. Абдыханова сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

XX ғасырдың соңынан «прецедентті мәтін» мәселесі тіл білімінде зерттеліп, әлі де зерделену үстінде. Ғалым В. Красных прецедентті мәтіннің мынадай белгілерін көрсетеді: ұлттық лингвомәдени қоғам өкілдеріне таныс, когнитивтік тұрғыдан өзекті және сол ұлттық лингвомәдени қоғам өкілдерінің тілінде үнемі қолданылады, кейде өзгеріске түсіп жаңғырып отырады (Красных, 2003а: 190-197). Жалпы орыс тіл білімінде прецеденттілік тақырыбы ауқымды түрде зерттеліп келе жатыр. Әсіресе ағылшын, испан, чех т.б. тілдеріндегі материалдардан универсалды прецедентті феномендерді іздеу, жарнама тілін, ән мәтіндерін, көркем әдебиетті прецедентті мәтін ретінде қарау сияқты мәселелер жан-жақты зерделенген. Ағылшын лингвистикасында прецеденттілік тақырыбы G.Lakoff, M.Johnson, C.Hart, L.Cameron сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Алайда біз үшін прецедентті мәтін болған құрылым олар үшін метафора ретінде талданады. Мысалы, ғалым С.Hart «Metaphor and intertextuality in media framings of the (1984-1985) British Miners' Strike: A multimodal analysis» мақаласында кеншілердің көтерілісі туралы жазған БАҚ материалдарына анализ жасайды. Автор бұл мәселенің медиатекстердегі көрінісін метафора және интертекстуалды құбылыстар арқылы береді. Лингвистикалық, визуалды және мультимодальды медиадағы метафораның атқаратын қызметін, ерекшелігін көрсетеді (Hart, 2017). Сол сияқты зерттеуші Mary-Anne Shonoda метафора интерпретациясының жаңа үлгілерін балалар фэнтезиінен іздеген (Shonoda, 2012). Ал қазақ тіл білімінде интертекстуалдылық, прецеденттілік тақырыбы әлі де зерттеуді қажет етеді. Көбінесе ғалымдар тарапынан прецедентті есімдерге баса назар аударылуда. Мысалы, Қазақстандағы ономастика мәселесін жан-жақты қарастырған Г.Мадиева «Имя собственное в контексте познания» атты зерттеу еңбегінде қазақ тіл білімінде прецедентті есімдердің арнайы зерттелмегенін алға тартады. Ғалым прецедентті есімдерді адамзаттың когнитивтік кеңістігін құрайтын универсалды (Гамлет, Наполеон, Гитлер) және ұлттық когнитивтік негіздегі нағыз ұлттық (Қарабай, Плюшкин) деп бөледі (Мадиева, 2019).

Зерттеуші С.Иманбердиева «Құтты білік», «Диуани Хикмет», «Мұхаббат-наме», «Ақиқат сыйы» сияқты орта ғасыр ескерткіштерінің ономастикалық жүйесін, олардағы онимдердің құрылымын, онимдерді зерттеудің функционалды-прагматикалық бағытын талдайды. Сонымен қатар осы түркі жазба ескерткіштеріндегі онимдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын, ерекшелігін зерттейді, «Жаратушы» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісіне ерекше тоқталады. Ғалым «Прецедентті мәтінді «коммуникативті прецедент», ұқсас жағдайларда коммуниканттар алдында тұрған номинативті, коммуникативті т.б. міндеттерді шешуге көмектесетін үлгі деп алады. «Коммуникативті прецедент» прецедентті бірліктер үшін «гносеологиялық прототип» болып табылады және ол прецедентті бірліктің коммуникативті

кодын қалыптастыруда маңызды» (Иманбердиева, 2010: 222) деген ерекше пікір білдіреді.

Зерттеуші Ф.Әшімханова болса қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесін, этномәдени сипатын және әлеуметтік мәнін зерттеді. Сондай-ақ зерттеуші еңбегінде лақап есімдер, прецедентті антропонимдер, сакралды (киелі) антропонимдер, араб-парсы тілінен енген антропонимдер, қазақ эпосындағы кісі есімдері сияқты мәселелер қарастырылады (Әшімханова, 2007).

Қазақ тіл білімінде прецедентті есімдер, соның ішінде фольклорлық прецедентті есімдер тақырыбында алғаш рет Б.Абдыханованың диссертациялық зерттеу жұмысы жазылды. Автор фольклорлық прецедентті есімдерді көркем шығарма негізінде қарастырды. Диссертациялық жұмыста фольклорлық прецедентті мәтіндер қазақ тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына айналды және мәтінаралық байланыстар прецедентті зерттеудің бастапқы шарты ретінде қарастырылды, прецеденттік мәтін фольклормен және қазіргі мәтінмен тығыз байланыста зерттелді (Абдыханова, 2018).

Нәтижелер және талқылау

«Прецедентті мәтін (ПМ) – сөйлеу мен ойлау әрекетінің аяқталған өнімі; предикатты бірлік; күрделі белгі; ПМ ұлттық-лингвомәдени қоғамның кез келген өкіліне таныс» (Красных, 2003б: 190). Бұл – ғалым В.Красныхтың анықтамасы. Сол сияқты прецедентті мәтін прецедентті айтылымдар мен прецедентті есімдер арқылы коммуникацияға түсіп жаңғырып отырады. Лингвистикада прецедентті мәтін түрлерін әр ғалым әртүрлі көрсетеді. Біз төмендегіше топтауды жөн көрдік (1-кесте):

Кесте 1 – Прецедентті мәтіннің түрлері
Таблица 1 – Типы прецедентного текста
Table 1 – Types of precedent text

<i>Прецедентті феномен атауы</i>	<i>Алынған дереккөзі</i>	<i>Мысалдар (БАҚ материалдарынан)</i>
Прецедентті мәтін	Көркем әдебиет	«Даудың басы – мектеп»; «Жұрт бүгіншіл, менікі ертең үшін»
	Фольклор	«Қой терісін жамылған...» Полицей келбеті.
	Миф	... «Арыстанбек Мұхамедидұлы өзін Цезарьға, судьяны Геркулеске теңеді»
	Тарихи-философиялық, саяси сипаттағы публицистикалық мәтіндер	«Максим Галкин примадоннаның көзіне шөп салыпты»; «Қазақтың Тереза анасы» өміріне әсер еткен оқиға туралы өзі баяндап берді»; «Темір әйел» Тереза Мэй Елбасынан шақырту алды»
	Сакралды мәтіндер	«Қыдыр атаны іздесең, Сайрамға кел»; «Мәсімов Иуда болса, Сатыбалды кім?»
	Ән мәтіндері	«Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...»; «Тереземді ұрмандаршы, тексерушілер...»
	Жарнама	«Red Bull қалай көшбасшы атанды?»; «COCA-COLA»: ақиқат пен аңыз»; «...Шаршағаныңды басатын, көңіліңді ашатын» энергетикалық сусын...»

Прецедентті мәтіндер журналистер тарапынан көбінесе тақырыпат ретінде жұмсалады. Мұндай қысқа әрі нұсқа, эмоционалды-экспресивтілігі жоғары тақырыпаттар оқырман жадында бірден сақталады, жатталады. Негізі классикалық әдеби туындылар халық жадында онсыз да сақталған, тек одан әрі жаңғырып отырады десек те болады. Мысалы, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасы прецедентті мәтін болып, баспасөз беттерінде өзекті тақырыпты қозғау үшін қолданылып жүр. Романның басында Нәзираға айтқан әжесінің « – Әй, балам-ай, әлі баласың ғой... Сенсің ғой оның шырағы. Сенің тілеуіңді тілеп кеткен жоқ па, бейшара» (Ахтанов, 2013: 67) – деген сөзінен шығарманың негізі идеясы берілген. Шырақ – ол ұрпақ, шырақтың сөнбеуі – ұлттың болашағы ұрпақтың жалғастығы. Яғни жазушы сұрапыл соғыстың кесірінен елді жайлаған зұлымдыққа, қатыгездікке осындай ұлттық таным мен негізгі адами құндылықтарды қарама-қарсы қою арқылы шығармаға философиялық терең ой бере білген. Қазақ тілінде *шырағың сөнбесін, шырақ жаққан періштең шегінбесін, шырақ болсын* сияқты

бата сөздер өте көп. Ал фразеологизмдердің санына жету мүмкін емес: *шырақ қалды, шырағы сөнді, қос шырақ, шырақ көрмеді, сөзін шырақ етті, кеудеде шырақ жанды, шілдесінде шырақ көрмеген, соңына шырақ алып түсті* т.б. Қазақ баласын еркелетіп «Шырағым» дейді. Сондықтан да өмірін жалғайтын баланың, ұрпағының амандығын тілеп айтылған «Шырағың сөнбесін!» деген баталы сөздің мағынасы да, мәні де зор.

Жазушы Т.Ахтановтың бұл романының атауымен газет беттерінде, интернет желілерінде өте көп мақала жарық көрді. Айтылған ой кейде шығарманың идеясымен сай келсе, кейде тура мағынада жұмсалған. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінде «Шырағың сөнбесін» атты мақала жарияланды. Мұнда журналистің медицина ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынғүл Ботабековамен сұхбаты берілген. Көз жанарының маңызы мен міндетін, атқаратын қызметін айтып өткен мәтіннің тақырыпаты өзінің мазмұнына сай қойылған, яғни тура мағынада. Автор мәтін тақырыбын оқырманға әсер етіп, қызығушылығын арттыру үшін прецедентті мәтінмен алып отыр.

Тәңіршіл қазақ ұлты үшін оттың киесі бар. Сол шырақ – сәуле, нұр, жарық, үміт оты. Біздің танымымызда отты ешқашан өшірмеген, жаман ырым. Керісінше, от жаққан, отпен аластаған, отты айналған. Осы дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды алға тартып, түсіндіре отырып, журналистер әртүрлі газет беттерінде, сайттарда бірталай мақалалар жариялауда. Басты мақсаты – жастардың үйлену тойларындағы, туған күндеріндегі торттың үстіндегі шырақты сөндірудің қателігін дәлелдеу. Мысалы, «Шырағың сөнбесін» деуші еді...», «Шырағың сөнбесін, шырағым!», «Қазақы дәстүр немесе шырағың сөнбесін» деген мәтіндердің барлығы осы тақырыпқа арналған. Журналист Қуат Адис бұл мәселе жөнінде былай дейді: «Бүгінгі тойлардағы «Шырағың сөнбесін», «Отауларыңның оты маздап тұрсын» деген лебіз-лепестерге біз көңіл бөліп, мән бермейтін болдық. Қазақ үшін тосын апаттан бөлек, қандай жағдайда да жақсылыққа, қажеттілікке жағылған отты өшіру жаман ырым саналған. Тіпті ол болашағыңа өз қолыңмен балта шабумен бірдей әрекет болыпты. Ал қазіргі даңғой, сауықшыл, мақтангер «жаңа қазақтарға» ата-бабадан қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен ырым-тыйымның құны көк тиынға да татымайды» (Адис, №95. 04.12.2019). Келесі бір «Қазақы дәстүр немесе шырағың сөнбесін» (Сәкенқызы, №21. 15.03.2022) деген мақалада А.Сәкенқызы ұлтымыздың салт-дәстүрлерінің еуропаланып бара жатқанын айтып, қазақтың ешқашан өз отын өшірмегенін алға тартады. Газет беттерінде бұл дәстүрді сынап жазған мақалалардың тақырыбы Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасымен ғана емес, мағыналас келетін О.Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» туындысымен де берілген. Осы шығармалармен таныс, олар жайлы аялық білімі бар оқырман берілген мәтіннің идесының, мазмұнының қандай болатынын шамалай алады. Журналистің мақаланы жазудағы мақсаты тек айтқысы келген ойын жеткізіп қана қоймай, бұл мәселені шешу керек деген ой тастау.

Прецедентті мәтіндер – ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық болмысымыздың көрінісі, яғни оқырман қауымға ұлттық мәдениетімізден, өткен тарихымыздан ақпараттар береді, тарихи шындыққа көз жүгіртеді. Әр ұлттың өзінің мәдениетіне сай келетін прецедентті құбылыстарының жиынтығы бар. Сол феномендердің ары қарай прецедентті болу болмауына мәдени қауымдастықтың көзқарасы әсер етеді. «Шырағың сөнбесін» ұлттық-прецедентті мәтіні де тек қазақ жұртына ғана тән ұлттық ақпарды хабарлап тұр. Себебі бұл тіркес қазақ тілінде фразеологизм ретінде тұспалданған ойды берсе, өзге ұлт өкілі үшін жай ғана тура мағынада жұмсалатын еркін сөз тіркесі болады. Және бұл тек қазақ халқына ғана емес, осы шығарманы оқыған, тарих пен мәдениеттен хабары бар, қазақ тілін білетін адамдардың барлығына белгілі бола алады. Яғни «прецедентті феномен деп кез келген ұлттық-мәдени менталитеттің өкілдеріне белгілі, жалпы және міндетті түсінік бар немесе бәріне түсінікті» (Амренова, Каирбекова, 2014: 6) құбылысты айтамыз.

«Прецедентті мәтіндерге айта кететін бір нәрсе: жекелеген зерттеушілер қазіргі тілдік қорымыздағы көптеген фразеологизмдер бұдан ұзақ уақыттар бұрынғы прецедентті мәтіндер үзіндісі, жұрнағы деп есептейді. Арғы ата-бабаларымыз өмір сүрген кездегі қоғамның барлық мүшелеріне таныс аңыз-әңгіме, жыр немесе өлеңдер уақыт өте келе өзектілігінен айырылып, адам жадынан біртіндеп ығыстырыла бастайды. Белгілі бір мерзім өтіп, ұрпақтар алмасып,


әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі құндылықтар, бағалау өлшемдері өзгергенде, прецедентті мәтіндер бірте-бірте қысқартылып, ең соңында оның айрықша мәні, аса әсерлі, өте бейнелі, ерекше есте сақталатын үзгі ғана ел жадында қалып қояды да, олар біртіндеп қанатты сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер қатарына өтеді» (Адилова, 2015: 176).

XX ғасырда қоғам қайраткерлері «Оян» сөзін көп қолданды. Білімге, ғылымға, жаңалыққа ұмтылу қажет екенін түсінген ұлтымыздың біртуар тұлғалары шығармаларында осы сөзді тірек етіп жазды. Соның бірі – жазушы Ғ.Мүсірепов. Оның «Оянған өлке» романы – қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбына арналған алғашқы туындылардың бірегейі. 2 кітаптан тұратын шығармада Қарағанды жұмысшыларының өмірі, азаттық жолындағы күресі суреттеледі. Шығарма тақырыбына сай жазушы романда қазақ елінің оянуы, жаңашылдыққа бет бұрғаны туралы жазады. Ескіде қалып, тозығы жеткен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сынайды. Және жазушы жаңа леппен өмір сүруге талпынған адамдар өмірін, сол жолда тап болған қиыншылықтарды шебер сипаттап береді. Осындай идеяны, мақсатты арқалаған көркем шығарманың атауын қазіргі қазақ журналистері жаңғыртып қолдануда. «Оянған өлке» романын прецедентті мәтін ретінде ұтымды пайдаланған журналистің бірі – Ербол Алшынбай. «Егемен Қазақстан» газетінде атауы «Оянған өлке» (Алшынбай, 29.08.2019) деп қаз қалпында берілген мақаласы шықты. Мақала М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңімен басталады. Эпиграф ретінде алынған. Одан әрі мәтін былай жалғасады: «Елордамызда соңғы бес жыл ішінде екі мың көше атауы қайта қаралып, советтік атаулар рухани бағытқа бет бұрды. Бұл – үлкен жетістік емес, бұл – құлдық санадан бостандыққа қарай боздап жасалған ұлы қадам...» (<https://egemen.kz/>, 29.08.2019). Яғни қоғамда үлкен дау туғызатын көше атауларының, ауылдық елді мекендердің қазақшалануы туралы жазылған мақаладан журналистің қуанышын, ризалығын көреміз. Автор сананың, ұлттың, рухтың жаңғыратын уақытының келгенін айтып, тарихты еске алады. Жат есімдерден арылу тәуелсіздігіміздің, егемендігіміздің көрсеткіші екенін баса айтады. Сондықтан да: «Елордамыздың маңындағы қазақ ауылдарының жағымды жаңалығын басқа да оянбаған ауылдар мен көшелер қайталайды деген үлкен үмітім мен зор сенімім бар» (Алшынбай, 29.08.2019), – деп мақаласын аяқтайды. Мақаланың атауы да «Оянған өлке» прецедентті мәтінімен дәл қойылған. Романның идеясы мен мақаланың идеясы бірдей – жаңашылдыққа ұмтылу, жаңғыру, ояну.

«Ақтөбе» газетінің сайтында да «Оянған өлке» тақырыбымен мақала жарияланды. Мұнда «Ауыл аманаты» жобасының аясында дамып жатқан Мұғалжар ауданы тұрғындарының хал-ахуалын көрсеткен. Өсімдік, құс шаруашылығы сияқты шағын бизнесті дамыту жобаларын іске асыру үшін еңбектеніп жатқан ауылды журналист «Оянған өлке» деп атауды жөн көреді.

Газет мәтініндегі стилистикалық норма сақталу үшін журналист дұрыстық, дәлдік, эстетикалық шарттарын орындайды. Автор прецедентті мәтінді де туындысына қолданғанда осы нормаларды, талаптарды сақтағаны жөн. Яғни прецедентті құбылыстарды дұрыс пайдаланбаса, мәтіннің мағыналық құрылымы бұзылады, оқырманның қабылдауына қиын болады. Біздің пікірімізше, «Оянған өлке» прецедентті мәтінін журналистер дұрыс қолдана білген, яғни өз мәтіндерінің мағынасын, мазмұнын дәл беретін тақырып қойғаны байқалады.

Прецедентті феномендер, жоғарыда айтқандай, көпшілікке танымал болады. Сонымен қатар олар белгілі болғаннан бастап, үнемі қозғалыста болып, түрлі кезеңде, әр алуан тілдік тұлғалардың қолданысында жүреді. Кей прецедентті құбылыстар қосымша мағынаға ие болып, қайтадан жаңғыруына ықпал етеді. Және олар өте қысқа мерзім ішінде танылып қолданысқа енуі мүмкін. Осындай сипатқа ие болған прецедентті мәтіннің бірі – «Оян, қазақ!». Алаш арысы М.Дулатовтың қазақ ұлтының ұранына айналған өлеңі бұрыннан бері прецедентті мәтін болатын. Биыл режиссер М.Есжанның «Оян, қазақ!» атты тарихи көркем фильмінен соң еліміздің рухы оянып, аз уақыт аралығында бұл туындының танымалдылығы артып, қызу талқыланды. Біздің сауалнама қазақ және орыстілді гуманитарлық, техникалық бағытта білім алушы студенттердің арасында жүргізілген болатын. «Оян, қазақ!» прецедентті мәтінінің жастар арасында қаншалықты қабылданғанын анықтау үшін кімнің шығармасы екендігі жөнінде сұрақ бердік. Сауалнамаға қазақтілді – 144, орыстілді 90 студент қатысты. Олардың жауаптары төмендегідей (1-сурет):



Сурет 1 – Сауалнама нәтижесі
Рисунок 1 – Результаты опроса
Figure 1 – Survey result

Жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша, «Оян, қазақ!» ұлттық-прецедентті феномені қазақ аудиториясының 93%-на белгілі болса, орыс тобы студенттерінің жартысынан көбі шығарманың авторы М.Дулатов екенін дұрыс тапты. Біз қарапайым сұрақ қою арқылы прецедентті мәтіннің жастардың танымындағы көрінісін анықтай алдық. Көркем әдебиет туындысы қаншалықты танымал болса, ол шығарма соншалықты прецедентті феномен бола алады. Бұл – прецедентті мәтіннің ең негізгі белгілерінің бірі.

<https://abai.kz/> ақпараттық порталында «Оян, қазақ! Ойлан, қазақ!» деген атпен Ақылбек Шаяхметтің мақаласы жарық көрді. Бұл қазақты ұйқысынан оятқысы келген ұлт зиялыларының, қазіргі ақындардың шығармаларын бір жерге тізіп берген мақала болды. Мәтінде автор оқырмандарды тың деректерден хабардар етеді. Ақиық ақындардың біз білмейтін, естімеген өлеңдерін талдайды. Мақаланың басы «Оян, қазақ» өлеңіне қарама-қарсы мағынада ирониямен жазылған сатирик ақын Бәкеш Айсиннің «Ұйықта, қазақ!» жыр жинағынан басталады. М.Дулатов «Оян, қазақ!» деген болса, ақын Серік Қалиев қасына «Ойлан, қазақ!» тіркесін қосты:

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!

Шын бақытқа жеткізетін жол да ұзақ,

Алашағың аз ба мына дүниеден,

Болашағың емес пе еді зор, ғажап?! (А. Шаяхмет, 08.08.2022).

Журналист Алма Сайлауқызы «Оян, қазақты» феномен ретінде талдады. «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ФЕНОМЕНІ» атты мақаласында шығарманы не себепті феноменге теңейтініне жауап береді. «Оян, қазақ!» қоғамдық санаға ерекше әсер еткен, сананы сілкінткен ірі құбылыс болды. Осы ойды дәлелдегісі келген автор мақалада міржақыптанушы ғалымдардың пікірлерін ұсынады. Соның бірі – түрік профессоры Хүля Қасапоғлы Ченгелдің сөзі: «Түркі әлемін түртіп оятқан «Оян» мотивінің авторы – Міржақып Дулатұлы. Оның «Оян, қазақ!» өлеңі түркі халықтарын санасын оятуда серпіліс әкелді... түрік дүниесіндегі «Оян» мотивінің қайнар көзі – Міржақып Дулатов» (А.Сайлауқызы, 01.02.2021). Журналист ары қарай өркениетке ұмтылуды, сананың оянуын, ойдың, елдің азаттығын жаңғыртуды көздеген «Оян, қазақ!» феноменінің тарихи ірі құбылыс ретінде басқа да ұлттарға әсер еткенін айтып өтеді.

<https://baq.kz/> сайтында «Оян, қазақ» сөзі «Оян, қазақ» идеясына айналды» тақырыбында мәтін жарияланды. Мұнда «Оян, қазақтың» феноменнен бөлек идеологияға айналғаны жөнінде сөз болады. «Оян, қазақ» сөзі «Оян, қазақ» идеясына, «Оян, қазақ» кітабы қазақтың саяси манифесіне айналды. Міржақыптың өлеңдері жапон, түрік тілдеріне аударылған. Бізде «Оян, қазақ» болса, оларда «Оян, жапон», «Оян, түрік» болып аударылған. Тіпті 90-жылдары Уямо Томохико деген азамат Жапонияда Міржақып Дулатұлына арналған диссертация қорғады. Міржақып Дулатұлы жайында айтылар әңгіме көп. Алғашқы қазақ тіліндегі роман жазған автор, алғашқы алгебра, математика, қай салада болса да биіктен көрінген азамат. Алашордадағы ең жарқын образ – Міржақып» (А.Маманқызы, 25.11.2020), – дейді тарих ғылымдарының докторы,

профессор Марат Әбсәмет.

Байқағанымыздай, журналистер баспасөз беттерінде қазақ ұлты үшін феноменге, идеологияға айналған «Оян, қазақ!» прецедентті мәтінін жиі қолданады. Бұқаралық ақпарат құралдарының біз білетін ақпараттық, баға берушілік, түсініктеме берушілік, танымдық-ағартушылық және ықпал етушілік қызметтері бар. Осыларды негізге ала отырып, журналистер прецедентті мәтіндер арқылы оқырманға газет тілінің аталмыш функцияларын жеткізе алады. Және осы қызметтерді орындауда «Оян, қазақ!» прецедентті мәтінінің маңызы зор екені байқалды.

Прецедентті феномендер қысқа мерзімде танымал болып, қолданысқа енгенмен, тез арада тура солай қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Мысалы, анекдот, жарнама тілі, хит болған әннің атауы не үзінділері, шулы болған, дау туғызған оқиғалар, жағдайлар. Тіпті мұндай прецедентті құбылыстарды келесі кезеңнің ұрпағы есіне де түсіре алмауы ықтимал. Бірақ сол прецедентті феномендердің қолданылған уақытында өзіндік мәні, құндылығы болған. Ал біз зерттеп отырған прецедентті мәтін болған «Шырағың сөнбесін», «Оянған өлке», «Оян, қазақ!» көркем әдебиет туындылары – еш уақытта бағасын жоймайтын, санадан өшпейтін прецедентті феномендер. Орыс зерттеушісі Г.В. Денисова прецедентті мәтіндерді «күшті әдеби», «әлсіз әдеби», «күшті әдеби емес» деп жіктеп, ақын-жазушылар шығармаларын «күшті әдеби» мәтінге, өз кезеңіне ғана танымал шығармаларды «әлсіз әдеби» мәтінге, халық арасында танылған әндерді соңғы топқа жатқызған болатын (Денисова, 2003). Сондықтан да журналистер публицистика жанрында прецедентті мәтіннің «күшті әдеби» түрін көп қолданады.

Қорытынды

Ғалымдардың зерттеулерімен, пікірлерімен таныса отырып, біз төмендегідей қорытындыға келдік:

- прецедентті мәтін – белгілі бір ұлттың жадында сақталған тарихи жайттар, әр халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын көрсететін, үнемі қозғалыста жүретін, уақыт өте келе қайтадан жаңғырып отыратын тілдік үдеріс. Прецедентті мәтіндердің қатарына көркем әдебиет, фольклор, фразеологизмдер, қанатты сөздер, сакралды мәтіндер, ән мәтіндері, кинофильмдер, жарнамалар жатады;

- прецеденттілік теориясы лингвистикада өзекті әрі қызықты мәселе. Прецедентті феномендер – когнитивтік базаның негізгі элементтерінің бірі; қандай да бір құбылыстың немесе жағдайдың символы; сондай-ақ метафораның қызметін атқарушы. Бұл құбылысты жіктеуде тіл білімінде зерттеуші В.В. Красныхтың классификациясы кеңінен қолданылады. Олар: прецедентті есім, прецедентті жағдай, прецедентті айтылым, прецедентті мәтін. Біз қарастырған ұлттық лингвомәдени қоғам өкілдеріне таныс болатын прецедентті мәтінді тілдегі мәдениеттің ізі десек те болады;

- қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының мақсаты – ақпаратты хабарлау ғана емес, оқырманға әсер ету. Сондықтан да журналистер газет тілін әсерлеу үшін, өзіндік стильдік ерекшелігін көрсету үшін прецеденттілік құбылысына қайта-қайта оралып соғып отырады. Нәтижесінде қолданылған прецедентті мәтіндер арқылы мақаланың мәнерлілігі, әсерлілігі, бейнелілігі арта түседі;

- журналистер көбінесе прецедентті мәтіндерді мақаласының тақырыбына пайдаланады. Кей жерде өзгертіп, кейде тура қолданады. Сол арқылы прецедентті мәтін табиғатының ықшамды болып келетін, хабарды үнемді жеткізетін басты қасиетін тақырып қоюда ұтымды пайдаланады. Мақалалар мазмұны кейде прецедентті құбылыстар семантикасымен сәйкес келсе, кейде олар кері бағытта интерпретацияланады. Біз жинастырған баспасөз беттеріндегі, интернет желілеріндегі «Шырағың сөнбесін», «Оянған өлке», «Оян, қазақ!» прецедентті мәтіндері әртүрлі қызметтерді атқарып тұр: біріншіден, газет мәтінінің мазмұнын беру; екіншіден, әдеби шығармаға сілтеме жасай отырып, оқырманның ойына, сезіміне әсер етуді көздеген авторға көмегін тигізу; үшіншіден, уақыт пен кеңістік жағынан айырмашылық болса да қазіргі мақаланың идеясы арқылы өткен тарихтағы әдеби туындыны еске түсіре отырып, екі мәтінді байланыстыру.

Сауалнама жүргізу негізінде прецедентті мәтіннің жастардың танымындағы көрінісі

анықталды. Көркем әдебиет туындысының танымалдылығы оның прецедентті мәтін болуына әсер етеді. Жоғарыда көрсетілгендей, бұл – прецедентті мәтіннің ең негізгі белгілерінің бірі.

Әдебиетгер

- Абдыханова Б. Фольклорлық шығармалардың прецедентті мәтін ретіндегі лингвомәдени қызметі (XXI ғ. көркем шығармалары негізінде): философия докторы (PhD) ... дисс. – Астана, 2018. – 147 б.
- Адилова А.С. Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы. – Алматы: Эверо, 2015. – 252 б.
- Адис Қ. «Шырағың сөнбесін» деуші еді...» [Электронды ресурc]. <https://new.zhalagash-zharshysy.kz/kogam/12008-shyray-snbesn-deush-ed.html>
- Алшынбай Е. «Оянған өлке» [Электронды ресурc]. <https://egemen.kz/article/207591-oyanghan-olke>
- Амренова Р.С., Қайрбекова И.С. Қазақ халқының мәдени кеңістігі: лингвомәдениеттанымдық сөздік. – Көкшетау: Мир печати, 2014. – 216 б.
- Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мереке, 2013. – 608 б.
- Әсімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 112 б.
- Васильев А.Д. Интертекстуальность: прецедентные феномены. – Москва: Флинта, 2013. – 342 с.
- Денисова Г.В. В мире интертекста: язык, память, перевод. – Москва: Азбуковник, 2003. – 298 с.
- Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. – 378 б.
- Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – Москва: Гнозис, 2003. – 375 с.
- Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 274 с.
- Маманқызы А. «Оян, қазақ» сөзі «Оян, қазақ» идеясына айналды» [Электронды ресурc]. https://baq.kz/oyan-kazak-sozi-oyan-kazak-ideyasyna-aynaldy-professor-_238374/
- Сайлауқызы А. «Оян, қазақ!» феномені» [Электронды ресурc]. <https://arasha.kz/nazarda/ojan-qazaq-fenomen/>
- Сәкенқызы А. «Қазақы дәстүр немесе шырағың сөнбесін» [Электронды ресурc]. <https://qarmaqshytany.kz/kogam/21350-azay-dstr-nemese-shyray-snbesn.html>
- Hart, Ch. (2017) Metaphor and Intertextuality in Media Framings of the (1984–1985) British Miners' Strike: A Multimodal Analysis. *Discourse & Communication*, Vo. 11 (1), pp. 3-30. <https://doi.org/10.1177/1750481316683291>
- Шаяхмет А. «Оян, қазақ! Ойлан, қазақ!» [Электронды ресурc]. <https://abai.kz/post/155471>
- Shonoda, M. (2012) Metaphor and Intertextuality: A Cognitive Approach to Intertextual Meaning-Making in Metafictional Fantasy Novels. *International Research in Children's Literature*, Vo. 5, No. 1: pp. 81-96. <http://dx.doi.org/10.3366/ircl.2012.0045>

References

- Abdyhanova, B. (2018) Folklorlyq shygarmalaryng presedentti matin retindegi lingvomadeni qyzmeti (XXI g. korkem shygarmalary negizinde): filosofija doktory (PhD) ... diss. Astana, 147 b. [Abdykhanova, B. (2018) Linguistic Activity of Folklore Works as a Precedent Text: Doctoral dissertation. Astana, 147 p.] (in Kazakh)
- Adilova, A.S. (2015) Korkem matinderdegi citacija qubylysy. Almaty: Evero, 252 b. [Adilova, A.S. (2015) The phenomenon of citation in literary texts. Almaty: Evero, 215 p.] (in Kazakh)
- Adis, Q. (2019) «Shyragyng sonbesin» deushi edi...» [Adis, Q. (2019) "Don't let your lamp go out," he used to say] – Access mode: <https://new.zhalagash-zharshysy.kz/kogam/12008-shyray-snbesn-deush-ed.html> (in Kazakh)
- Alshynbaj, E. (2019) «Ojangan olke» [Alshynbai, Y. (2019) Awakened land] – Access mode: <https://egemen.kz/article/207591-oyanghan-olke> (in Kazakh)
- Amrenova, R.S., Qaiyrbekova, I.S. (2014) Qazaq halqynyng madeni kengistigi: lingvomadeniETTanymdyq sozdik. Kokshetau: Mir pechati, 216 b. [Amrenova, R.S., Qairbekova, I.S. (2014) Cultural Space of the Kazakh People: Linguistic Dictionary. Kokshetau: Mir pechati, 216 p.] (in Kazakh)
- Asimhanova, F.M. (2007) Qazaq tilindegi antropnimderding lingvomadeni zhujiesi: filol. gyl. kand. ... diss. Almaty, 112 b. [Asimhanova, F.M. (2007) Linguistic system of anthroponyms in the Kazakh language: diss. ... of the Candidate of Philological Sciences. Almaty, 112 p.] (in Kazakh)
- Ahtanov, T. (2013) Kop tomdyq shyqarmalar zhinagy. Almaty: MEREKE, 608 b. [Akhtanov, T. (2013) Multi-volume collection of works. Almaty: Holiday, 608 p.] (in Kazakh)
- Denisova, G.V. (2003) V mire interteksta: jazyk, pamjat', perevod. Moskva: Azbukovnik, 298 s. [Denisova, G.V. (2003) In the world of intertext: language, memory, translation. Moscow: Azbukovnik, 298 p.] (in Russian)
- Hart, Ch. (2017) Metaphor and Intertextuality in Media Framings of the (1984–1985) British Miners' Strike: A Multimodal Analysis. *Discourse & Communication*, Vo. 11 (1), pp. 3-30. <https://doi.org/10.1177/1750481316683291> (in English).
- Imanberdieva, S. (2010) Tarihi onomastikalyq kengistik (X-XIV gg. turki zhazba eskertkishteri negizinde). Almaty: Sozdik-Slovar JSS, 378 b. [Imanberdiyeva, S. (2010) Historical onomastic space. Almaty: Sozdik-Slovar JSS, 378 p.] (in Kazakh)
- Krasnyh, V.V. (2003) «Svoi» sredi «chuzhikh»: mif ili realnost`?. Moskva: Gnozis, 375 s. [Krasnykh V.V. (2003)

“Ours” among “strangers”: myth or reality? Moscow: Gnosis, 375 p.] (in Russian)

Madiyeva, G.B. (2019) Imja sobstvennoe v kontekste poznaniya. Almaty: Qazaq universiteti, 274 s. [Madiyeva, G. (2019) Proper names in the context of cognition. Almaty: Kazakh universiteti, 274 p.] (in Russian)

Mamanqyzy, A. (2020) «Ojan, qazaq» sozi «Ojan, qazaq» ideyasyna ajnaldy» [Mamanqyzy, A. (2020) The words "Wake up, Kazakh" became the idea of "Wake up, Kazakh"] – qol zhetkizu rezhimi: <https://baq.kz/oyan-kazak-sozi-oyan-kazak-ideyasyna-aynaldy-professor-238374/> (in Kazakh)

Sajlauqyzy, A. (2021) «Ojan, qazaq!» fenomeni» [Sajlauqyzy, A. (2021) Wake up, a Kazakh phenomenon] – qol zhetkizu rezhimi: <https://arasha.kz/nazarda/ojan-qazaq-fenomen/> (in Kazakh)

Shajahmet, A. (2022) «Ojan, qazaq! Ojan, qazaq!» [Shajahmet, A. (2022) Wake up, Kazakh! Think, Kazakh] – Access mode: <https://abai.kz/post/155471> (in Kazakh)

Sakenqyzy, A. (2022) «Qazaqy dastur nemese shyragyng sonbesin» [Sakenqyzy, A. (2022) Don't let your Kazakh tradition or candle go out] – Access mode: <https://qarmaqshy-tany.kz/kogam/21350-azay-dstr-nemese-shyray-snbesn.html> (in Kazakh)

Shonoda, M. (2012) Metaphor and Intertextuality: A Cognitive Approach to Intertextual Meaning-Making in Metafictional Fantasy Novels. International Research in Children's Literature, Vo. 5, No. 1: pp. 81-96. <http://dx.doi.org/10.3366/ircl.2012.0045>

Vasilev, A.D. (2013) Intertekstualnost`: precedentnye fenomeny. Moskva: Flinta, 342 s. [Vasilyev, A.D. (2013) Intertextuality: precedent phenomena. Moscow: Flinta, 342 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.01.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 11.09.2024.

© Қаппасова Ә.Ш., Адилова А.С., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024